

"Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 13 қантардағы № 28 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 қантарда № 26557 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2022 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12618 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алуы заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2022 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

E. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2022 жылғы 13 қантардағы
№ 28 Бұйрығына қосымша

Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік сатып алу саласында бірыңғай республикалық тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі – веб- портал) арқылы электрондық түрде, мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырады және жүргізеді.

3. "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 45-бабының 4-тармағына сәйкес таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, тізілімдерде қамтылған мәліметтер веб- порталда орналастырылады және олар төлемақы алынбай, танысу үшін мүдделі тұлғаларға қолжетімді.

2-тарау. Мемлекеттік сатып алу саласындағы тізілімдердің түрлері

4. Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдер (бұдан әрі – тізілімдер) мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) тапсырыс берушілер тізілімі;
- 2) мемлекеттік сатып алу туралы шарттар тізілімі;
- 3) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі;
- 4) шағымдар тізілімі.

3-тарау. Тапсырыс берушілердің тізілімін қалыптастыру және оны жүргізу тәртібі

5. Тапсырыс берушілердің тізілімі тапсырыс беруші туралы мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) тапсырыс берушінің атауы;
- 2) тапсырыс берушінің мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күні;
- 3) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН);

4) тапсырыс берушінің аумақтық тиесілігі туарлы мәліметтер (әкімшілік-аумақтық бірлестіктердің жіктеуіші (ӘАБЖ) бойынша коды, өңір, занды мекенжайы)

5) есептілік әкімшісінің атауы;

6) шаруашылық жүргізудің ұйымдастыру құқықтық нысанының коды (ҰҚНК);

7) меншік нысандарын жіктеу (МНЖ) бойынша коды;

8) кәсіпкерлік субъектінің санаты;

9) экономика секторының коды;

10) тапсырыс берушінің басшысы туралы мәліметтер:

жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)

басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

басшының лауазымы;

деректер көзі;

электрондық пошта;

телефон (жұмыс, ұялы).

6. Тапсырыс берушілердің тізілімін қалыптастыру веб-портал арқылы тапсырыс берушінің веб- порталдағы тіркеу деректері негізінде автоматты түрде жүзеге асырылады.

Бұл ретте тапсырыс беруші веб- порталда әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап ұш жұмыс күнінен кешіктірмей тіркеледі. Тапсырыс беруші қайта ұйымдастырылған (таратылған) не әділет органындағы тіркеу деректері өзгерген жағдайда, тапсырыс беруші осындай жағдайлар әділет органдарында тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тапсырыс берушінің веб- порталдағы тіркеу деректеріне өзгертулген мәліметтерді енгізеді.

7. Тапсырыс берушілер тізілімін жүргізу осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша веб- портал арқылы жүзеге асырылады.

8. Тапсырыс берушілердің тізіліміне енгізілген тапсырыс беруші туралы мәліметтер "Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысында (бұдан әрі – Электрондық құжат айналымы қағидалары) белгіленген тәртіппен электрондық түрде сақталады.

4-тарау. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімін қалыптастыру және оны жүргізу тәртібі

9. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізіліміне мәліметтер енгізуі тапсырыс беруші осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік сатып алушын веб- порталындағы шарттар тізілімінің электрондық нысанын толтыру жолымен:

тиісті қаржы жылында мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша – мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген құннен бастап он жұмыс құнінен кешіктірмей;

мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау бойынша (тауарларды қабылдау-тапсыру актісі немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі) – қол қойған құннен бастап он жұмыс құнінен кешіктірмей;

мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша жүзеге асырылған төлемдер бойынша – төлем жүргізілген құннен бастап он жұмыс құнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Заның 39-бабы 3-тармағының 9), 18), 31), 32) және 35) тармақшаларында және 50-бабында көзделген мемлекеттік сатып алудың нәтижелері бойынша жасалған шарттар туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізіліміне енгізуге жатпайды.

10. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімі, "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Кодектің 45-бабының 4-тармағына сәйкес тараптуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мемлекеттік сатып алу туралы шарттар туралы мәліметтерді қоспағанда, шарт (оның өзгерістері) туралы мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) тапсырыс берушінің атауы;
- 2) тапсырыс берушінің бизнес-сәйкестендіру номірі (БСН);
- 3) қаржыландыру көзі – республикалық бюджет, жергілікті бюджет, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен қаражаты, мемлекеттік мекемелер үшін демеушілік, қайырымдылық көмектен түскен қаражат (бұдан әрі – бюджеттен тыс қаражат), меншікті қаражат;
- 4) мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарламаның номірі;
- 5) конкурс қорытындылары, аукцион қорытындылары, бір көзден сатып алуды өткізу қорытындылары, баға ұсыныстарын сұратуды жүргізу қорытындылары шығарылған күн, сондай-ақ шарттың жасалу негізін растайтын құжаттың деректемелері;
- 6) шартты жасасудың негізін растайтын құжаттың деректемелері;
- 7) шарттың жасалған күні және номірі – шарттың жасалған күні, айы, жылы;
- 8) шарт валютасының коды;
- 9) аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде мемлекеттік мекемелердің шартты тіркегені туралы мәліметтер – өтінім номірі мен тіркеу күнін қоса алғанда, тіркеу туралы хабарламалардың деректемелері;
- 10) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың нысанасы:
сатып алу нысанасының түрі;
жіктеуіш бойынша өнімнің коды;
тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы;

тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша және қосымша сипаттамасы;

өлшем бірлігі;

бір бірлік үшін бағасы;

саны;

егер өнім беруші қосылған құн салығын (КҚС) төлеуші болып табылған жағдайда, КҚС туралы мәліметтер;

11) өнім берушілер (орындаушылар, мердігерлер) туралы ақпарат:

занды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін – бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) (занды тұлға үшін), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (жеке тұлға үшін);

бейрезиденттер үшін – кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыратын занды тұлғалардың (жеке тұлғалардың) тіркеу деректері;

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және олардың өнім берушілерінің дерекқорындағы жазба нөмірі;

резиденттік елі және занды мекенжайы;

байланыс ақпараты;

12) шарттың орындалуы:

тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы және сипаттамасы;

сатып алған тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің қысқаша сипаттамасы; тауар белгісінің атауы;

тауар өндірушінің, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нөмірін берушісінің елі; төлем сомасы;

шартты орындаудың жоспарланған және нақты құні;

13) шарттың қолданылуын тоқтату туралы мәліметтер:

құні, негіздеме және себебі.

11. Тапсырыс беруші шарт қолданылуын тоқтатқан (орындалған немесе орындалмаған) құннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу туралы шарттар тізілімінің электрондық нысанын толтыру жолымен шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтерді веб-портал арқылы енгізеді.

12. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб- порталына шарттың өзгеруі туралы мәліметтерді немесе шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтерді ұсынған жағдайда, шарт туралы бастапқы мәліметтер мұрағатын сақтай отырып, тізілімдегі жазбаны автоматты түрде жаңарту жүргізіледі.

13. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізіліміне енгізілген шарт (оның өзгеруі) туралы мәліметтер және (немесе) шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтер шарттың қолданылуын тоқтату

туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтерді оған енгізген күнінен бастап 5 (бес) жыл бойы мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімінде сақталады.

14. Осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген мерзім өткен соң мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімінен шығарылған шарт (оның өзгеруі) туралы мәліметтер немесе шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтер Электрондық құжат айналымы ережесінде белгіленген тәртіппен электрондық түрде сақталады.

5-тaraу. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастыру және оны жүргізу тәртібі

15. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өзімен мыналарды :

1) біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша дұрыс емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер;

2) жеңімпаз деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер;

3) мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындаған не тиісінше орындаған өнім берушілер тізбесін білдіреді.

16. Осы Қағидалардың 16-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы Қағидалардың 16-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастыруши, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзы фактісі туралы өздеріне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы Қағидалардың 16-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай шарттарды қанағаттандыратын:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын өнім берушінің бұзы фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап

күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

17. Осы Қағидалардың 16-тармағының 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

18. Тапсырыс берушілер әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы заңды күшіне енген сottың шешімін (бұдан әрі – Сот шешімі) веб-портал арқылы алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы алған Сот шешімінің электрондық көшірмесін, сондай-ақ осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұндай әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші туралы мәліметтерді электрондық түрде веб-портал арқылы уәкілетті органға ұсынады.

19. Тапсырыс берушіге электрондық көшірмесі веб-портал арқылы келіп түспеген Сот шешімі қағаз түрінде келіп түскен жағдайда, тапсырыс берушілер аталған Сот шешімін алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Сот шешімінің көшірмесін және осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұндай әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші туралы мәліметтерді электрондық түрде веб-портал арқылы уәкілетті органға ұсынады.

20. Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар туралы мәліметтерді веб-портал арқылы ұсынған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде уәкілетті орган оларды қарайды және осындай мәліметтерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізеді.

21. Уәкілетті органға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу үшін толық емес (қате) мәліметтер ұсынған жағдайда, уәкілетті орган веб-портал арқылы тапсырыс берушіге осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы туралы мәліметтерді 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайта беру қажеттігі туралы хабарламаны жеті жұмыс күні ішінде жібереді.

22. Егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші Заңда белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа веб-портал арқылы қол қоймаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның веб-портал арқылы қабылдаған шешімімен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне автоматты түрде енгізіледі.

23. Әлеуетті өнім беруші қағаз түріндегі мемлекеттік сатып алу туралы шартына қол қоюдан жалтарған немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаудан жалтарған жағдайда, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаудан жалтарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға З-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұндай әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші туралы мәліметтерді электрондық түрде веб-портал арқылы уәкілетті органға береді.

24. Заңнамаға сәйкес уәкілетті органға ұсынған мәліметтердің дұрыстығы үшін тапсырыс беруші жауапты болады.

Тапсырыс берушінің ұсынған мәліметтерін қарau кезінде уәкілетті орган оның толтырылуының толықтығы мен дұрыстығын тексеруде форматты-логикалық бақылауды жүзеге асырады.

25. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаудан жалтарған әлеуетті өнім беруші осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның веб-портал арқылы қабылдаған шешімімен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышылар тізіліміне енгізіледі.

26. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышылардың тізілімін жүргізу осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышылардың тізіліміне мәліметтерді енгізген кезде:

1) жосықсыз әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші туралы ақпарат:

әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің атауы;

резиденттік елі;

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін – бизнес сәйкестендіру номірі (БСН) (занды тұлға үшін), жеке сәйкестендіру номірі (ЖСН) (жеке тұлға үшін);

бейрезиденттер үшін – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын занды тұлғалардың (жеке тұлғалардың) тіркеу деректері;

2) тапсырыс беруші туралы ақпарат;

3) өткізілген сатып алу туралы мәліметтер:

сатып алуды жүзеге асыру тәсілі;

сатып алу туралы хабарландырудың номірі;

сатып алу туралы хабарландырудың күні;

сатып алу қорытындыларын шығару күні;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарттар тізіліміндегі шарттың номірі (болған кезде);

5) өнім берушіні (әлеуетті) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуши деп тану негіздемесі;

6) осы шартты бұзу ниеті туралы хабарлама күні;

7) осы шартты бұзу туралы хабарлама күні;

8) сот шешімі/уәкілетті органның шешімі туралы мәліметтер:

соттың/ уәкілетті органның атауы;

соттың/уәкілетті органның шешімінің номірі;

соттың/уәкілетті органның шешімінің күні;
сот шешімінің заңды күшіне енген/ уәкілетті орган шешімінің заңды күшіне енген күні;

9) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен алып тасталған күн.

28. Мемлекеттік сатып алуудың жосықсыз қатысушысы туралы мәліметтерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен алып тастауға мыналар:

- 1) Заңда белгіленген мерзімнің аяқталуы;
- 2) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы шешімнің күшін жою туралы заңды күшіне енген сот актісінің болуы;
- 3) уәкілетті органның әлеуетті өнім берушінің өтінішін келісу комиссиясының қарау қорытындысы бойынша оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен алып тастау туралы қабылдаған шешімі.

29. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар туралы мәліметтер Заңда белгіленген мерзім өткен соң тізілімнен автоматты түрде алынып тасталады.

30. Мемлекеттік сатып алуудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы шешімді жою туралы заңды күшіне енген сот актісі болған жағдайда, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы туралы мәліметтер әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) сұрау салуы бойынша уәкілетті орган сотпен расталған тиісті сот актісінің көшірмесін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде алынып тасталады.

31. Уәкілетті органның, әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен шығару туралы келісу комиссиясының шешімін ескере отырып қабылданған шешімі болған кезде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы туралы мәліметтер уәкілетті орган тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде алып тасталады.

6-тарау. Шағымдар тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі

32. Шағымдардың тізілімі өзімен әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілер уәкілетті органға мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы берген шағымдарының тізбесін білдіреді және шағымдарды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдер мен берілген ұйғарымдар (хабарламалар) туралы мәліметтерді қамтиды.

Мемлекеттік сатып алу
саласында тізілімдерді
қалыптастырудың және
оларды жүргізу дің қағидаларына
1-көсімша
нысан

Тапсырыс берушілер тізілімі

Р/с №	Тізілімде гі жазба номірі	Тапсырыс берушінің атаяуы		БСН	Тапсырыс берушінің аумақтық тиесілігі туралы мәліметтер			Есептілік әкімшісін ің атаяу	
		Қазақ тілінде	Орыс тілінде		Тапсырыс берушінің тіркелген және (қайта тіркелген) күні	ӘАБЖ	өнір		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

ҰҚНК	МНЖ	Кәсіпке рлік субъекті нің санаты	Эконом ика секторының коды	Тапсырыс берушінің басшысы туралы мәліметтер						
				ЖСН	Т.А.Ә.	Лауазымы	Деректе р көзі	Электро ндық пошта	телефон (жұмыс)	телефон (ұялы)
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру номірі;

ӘАБЖ - әкімшілік-аумақтық бірлестіктердің жіктеуіші;

ҰҚНК – шаруашылық етудің ұйымдастыру құқықтық нысанының коды;

МНЖ - меншік нысандарының жіктеуіші;

ЖСН-жеке сәйкестендіру номірі;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Мемлекеттік сатып алу
саласында тізілімдерді
қалыптастырудың және
оларды жүргізуіндегі қағидаларына
2-қосымша
нысан

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімі

Тізілімдегі жазбаның номірі	Жазбаның соңғы озгерген күні	Тапсырыс беруші		БСН	Шарттың қаржылаңдыру көзі	Мемлекеттік сатып алудың жүзеге асыру тәсілі	Мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарла маның номірі	Мемлекеттік сатып алудың қорытындыларының шығару күні	Шарттың жасасудың негізін растайтын күшттеннедеректемелері	Шарттың номірі	Шарттың күні
		атауы	БСН								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	

кестенің жалғасы

		Шарттың аумақтық қазынашылық органдарында тіркелгені туралы	Шарттың мәні
--	--	---	--------------

		мәліметтер (мемлекеттік мекемелер үшін)									
Шарт валюта сының коды	Шартт ың мәртебе сі	Қазынашылықт ың аумактық бөлімшесінде шартты тіркеуге берген өтінім		Қазынашылықт ың аумактық бөлімшесінде шартты тіркеуге берген өтінім		жіктеуі сатып алу мәнінің түрі	тауарла р, жұмыст а р, көрсеті летін кызмет тердің қысқаш а	тауарла рдың, жұмыст ардың, көрсеті летін кызмет тердің қосым ша	тауарла рдың, жұмыст ардың, көрсеті летін кызмет тердің қосым ша		
		нөмірі	күні	нөмірі	күні						
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

кестенің жалғасы

Шарттың мәні						
бір бірлік үшін бағасы, тенге	саны	Сома, тенге (егер өнім беруші ҚҚС төлеушісі болып табылған жағдайда, ҚҚС ескере отырып, соманы көрсету қажет)	оның ішінде ҚҚС сомасы, тенге	сонымен бірге : уш жылдық кезеңнің бірінші жылының сомасы, тенге	сонымен бірге : уш жылдық кезеңнің үшінші жылының болжамды сомасы, тенге	сонымен бірге : уш жылдық кезеңнің үшінші жылының болжамды сомасы, тенге
24	25	26	27	28	29	30

кестенің жалғасы

Шарт бойынша өнім берушілер (орындаушылар, мердігерлер) туралы ақпарат									
Занды тұлғаның атауы жеке тұлғаның Т.А.Ә.)	БСН, ЖСН (бейрезидениттер-өнім берушілер дін тіркеудеректері)	Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және олардың өнім берушілердің інің дереккөрүндагы жазба нөмірі	Өнім берушінің резиденттілік елі	Занды мекен жайы	Іс жүзінде гі мекен жайы	Электрондық поштаның мекенжайы	Мәртебесі	Телефоны (факс)	
31	32	33	34	35	36	37	38	39	

кестенің жалғасы

Шарттың орындалуы

тауардың, жұмыстың, көрсетіле тін қызметтің атавы және сипаттамасы	Сатып алған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы	Тауарлық белгінің атавы	Т а у а р өндірушінің, жұмыстар, қызметтер бойынша өнім берушілердің елі	Тапсырыс беруші іс жүзінде төлеген сома, тенге (егер өнім беруші ҚҚС төлеушісі болып табылған жағдайда, ҚҚС ескере отырып, соманы көрсету кажет)	оның ішінде ҚҚС сомасы, тенге
40	41	42	43	44	45

кестенің жалғасы

					Шарттың қолданысын тоқтату
сонымен бірге : үшжылдық кезеңнің бірінші жылында төленген сома , тенге	сонымен бірге : үшжылдық кезеңнің екінші жылында төленген сома , тенге	сонымен бірге : үшжылдық кезеңнің үшінші жылында төленген сома , тенге	Ш а р т бойынша орындалу күні	Іс жүзінде орындалу күні	күні негіздеме және себебі
46	47	48	49	50	51 52

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі.

Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және оларды жүргізуіндік қағидаларына 3-қосымша нысан

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышылар туралы мәліметтер

Жосықсыз өнім беруші туралы ақпарат			Заның 6-бабы 1-тармағының 3), 4), 5) тармақшаларына сәйкес адамдар туралы мәліметтер	Тапсырыс беруші туралы ақпарат		
Өнім берушінің атавы	Өнім берушінің елі	БСН, ЖСН (бейрезиденттің-өнім берушілердің тіркеу деректері)	Т.А.Ә.	Ж С Н , бейрезиденттің-өнім берушілердің тіркеу деректері	Тапсырыс берушінің атавы	Тапсырыс берушінің елі
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Откізілген сатып алу туралы мәліметтер				
БСН, ЖСН (бейрезиденттер-өнім берушілердің тіркеу деректері)	Сатып алу тәсілі	Веб-порталдағы сатып алу туралы хабарламаның нөмірі	Сатып алушы хабарлау күні	Сатып алу корытындыларын жасау күні
8	9	10	11	12

кестенің жалғасы

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың тізіліміндегі шарттың нөмірі (бар болса)	Шарттың әлеуетті өнім берушіге қол қоюға жіберілген күні	Өнім берушінің шартқа қол қою үшін мерзімінің бітетін күні	Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу үшін мерзімнің бітетін күні	Шартты бұзу ниеті туралы хабарлама күні	Шартты бұзу туралы хабарлама күні
13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы

(Әлеуетті) өнім берушінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз	Сот шешімі туралы мәліметтер				Тізілімнен алып тастау күні
	Соттың атауы	Сот шешімінің нөмірі	Сот шешімінің күні	Сот шешімінің занды күшіне енген күні	
19	20	21	22	23	24

* әлеуетті өнім берушінің шартты жасасудан жалтарған жағдайда тапсырыс беруші 1-14, 19-тармақтарды толтырады.

* мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңың 26-бабында көзделген соманы енгізбеу жолымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда 1-19-тармақтар толтырылады.

** сот шешімі бойынша өнім берушінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізген жағдайда 14, 15, 16, 17, 18-тармақтар толтырылмайды.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Мемлекеттік сатып алу
саласында тізілімдерді
қалыптастырудың және оларды
жүргізу дік кеңінен
4-қосымша
нысан

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі

Жосыксыз өнім беруші туралы ақпарат		Тапсырыс беруші туралы ақпарат			Откізілген сатып алу туралы мәліметтер				
Өнім берушінің атауы	Өнім берушінің елі	БСН, ЖСН (бейрезид енттер-өнім берушілे рдің тіркеудеректері)	Тапсырыс берушінің атауы	Тапсырыс берушінің елі	БСН	Сатып алу тәсілі	Веб-порталдағы сатып алу туралы хабарламаның нөмірі	Сатып алушуды хабарлау күні	Сатып алу корытындыларын жасау күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың тізіліміндегі шарт нөмірі (бар болса)	Шарттың әлеуетті өнім берушігে қол қоюға жіберілген күні	Өнім берушінің шартқа қол қою үшін мерзімінің бітетін күні	Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу үшін мерзімнің бітетін күні	(Әлеуетті) өнім берушінің мемлекеттік сатып алуға жосыксыз қатысушысы деп тану негізі
11	12	13	14	15

кестенің жалғасы

Сот шешімі/уәкілдеп органның шешімі туралы мәліметтер				
Соттың/ уәкілдеп органның атауы	Сот/ уәкілдеп орган шешімінің нөмірі	Сот/ уәкілдеп орган шешімінің күні	Сот шешімінің заңды күшіне енген/уәкілдеп орган шешімінің заңды күшіне енген күні	Тізілімнен алғып тастау күні
16	17	18	19	20

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі.

Мемлекеттік сатып алу
саласында тізілімдерді
қалыптастырудың және оларды
жүргізу дің қағидаларына
5-қосымша
нысан

Уәкілдеп органның жалпы бланкісі	
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы	
Уәкілдеп органның ресми атауы мемлекеттік тілде	Уәкілдеп органның ресми атауы орыс тілінде
БҮЙРЫҚ	ПРИКАЗ
(күні)	№ _____
Шығарылған жері	

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз
қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы
"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң
) 12 және 44-баптарына сәйкес мемлекеттік сатып алудың қорытындылары бойынша:

Сатып алу туралы хабарландыру нөмірі:

Сатып алу тәсілі:

Тапсырыс беруші қол қойған мемлекеттік сатып алу туралы шартты әлеуettі өнім
берушіге қол қоюға жіберген күні: күні/айы/жылы

Заңда белгіленген өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоюы
үшін мерзімнің аяқталатын күні: күні/айы/жылы

Не:

Шартты жасасу күні: күні/айы/жылы

Заңың 26-бабында көрсетілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың
орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімнің аяқталатын күні: күні/айы/жылы

Тапсырыс беруші:

Атауы:

БСН:

Мекенжайы:

Телефоны:

БҰЙЫРАМЫН:

1. Заңың 44-бабының 1-тармағына сәйкес:

Заңда белгіленген мерзімде _____ тәсілмен өткізілген № ____ сатып алу бойынша
№ ____ мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймауына/ не:

мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді немесе _____
_____ тәсілмен өткізілген күні/айы/жылғы _____ лот бойынша Заңың 26-бабында
көрсетілген соманы енгізбеуге байланысты _____ мемлекеттік сатып алу туралы
шарт жасаудан жалтарды деп танылсын.

2. Заңың 12-бабының 4-тармағы 2) тармақшасына, 5-тармағының екінші бөлігіне
сәйкес мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

3. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміне әлеуettі өнім
беруші туралы мынадай мәліметтер енгізілсін:

Атауы/Т.А.Ә.:	
БСН, ЖСН, бейрезиденттер-өнім берушілердің тіркеу деректері:	
Басшының Т.А.Ә.:	
Басшының ЖСН, бейрезидент-өнім берушілер үшін басшының тіркеу деректері:	

Күрылтайшының Т.А.Ә. (күрылтайшылардың)/ атаусы:	
Күрылтайшының (күрылтайшылардың) БСН/ЖСН-і , бейрекіндегі берушілер үшін күрылтайшылардың тіркеу деректері:	
Мекенжайы:	
Телефоны:	

4. Тізілімде болу мерзімі бұйрық бекітілген күннен бастап 24 ай етіп белгіленсін.
5. Бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Үәкілдегі адам Т.А.Ә. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК